

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№3 (2023)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HOGZ3975>

**\*Р. М. Муталиева<sup>1</sup>, Б. Қ. Қапасова<sup>2</sup>, С. Т. Елікпаев<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

\*e-mail: [raushan\\_mutalieva@mail.ru](mailto:raushan_mutalieva@mail.ru)

### **3. ҚАБДОЛОВТЫҢ «МЕНИҢ ӘУЕЗОВІМ» РОМАН-ЭССЕСІ ТУРАЛЫ**

Мақалада Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінің кейіпкерлері, көркемдігі талданған. Әуезовтің ұстаз ретіндегі бейнесінің сомдалуы, оның азамат боп қалыптасып, білім жолына түсуіне ағасы Қасымбектің көп көмек тигізгені айтылады. Әуезовтің Алаш адамдарымен танысуына, Абай ұрпақтарымен табысуына себепкер болған Қасымбек екені ерекше аталады. Абай өлеңдерін эстетикалық тұрғыда түсіндіріп берген де, ұлтты сүйоге үйреткен де Қасымбек екені сөз болады. Романда Әуезовтің өмір жолын Абайдың өлеңдерімен сабақтастырады. «Менің Әуезовім» роман-эссесінен Қабдоловтың өзі «Сөз өнерінде» айтып кеткен жазушыға қажет сегіз қасиеттің бәрін кездестіре аламыз. Шығармадағы Әуезов туралы, өзі туралы оқиғалар, толғаныстар роман-эссе жанрына сай үзік-үзік, қысқа түрде берілген. Қабдоловтың сөз қолданудағы шеберлігіне Әуезовтің, Байкөкжіннің көздерін сипаттауы дәлел бола алады. Адам психологиясын ашудағы Достоевский дәстүрін көреміз. Әуезовтің көзі, Достоевский тілімен айтқанда, «адамның ішіндегі басқа адамды» таба алатындай деңгейде суреттелген. Кейіпкерлерге мінзедеме бергенде сөз дәлдігін ұтымды қолданады. Автор орыс әдебиетіндегі эпизодтарды салыстыру ретінде шеберлікпен қолдана біледі. Университетте болған бір жағдайды Гогольдың «Ревизорына» ұқсатып сипаттайды. Кеңестік дәуірдегі саяси науқандарды жазушы «Ленин – 17», «Сталин – 37», «Ойраншыл – 37» деген саяси атаулармен атайды. Өзіндік сөз қолданысы деп қабылдаймыз.

Кілтті сөздер: жазушылық шеберлік, психологизм, интермәтін, Әуезов бейнесі, кеңестік идеология, Достоевский дәстүрі, юмор, сөз дәлдігі.

### **Кіріспе**

Қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовке арналған Кәмен Оразалиннің «Абайдан соң», Дүкенбай Досжановтың «Мұхтар жолы» романдары шықты. Ал Зейнолла Қабдолов роман-эссе жанрындағы «Менің Әуезовім» шығармасымен прозамызды байыта түсті. Бұл кітап туралы Ж. Отызбайдың [1], Ж. Мәмбетовтің [2], Ә. Какенованың [3], С. Қалқабаеваның [4], т.б. мақалаларын атауға болады. «Тәуелсіздік тудырған романдар» оқулығында «Менің Әуезовім» роман-эссесі қазіргі романдардың қатарында қарастырылған [5].

«Қазіргі кезең әдебиеті» оқулығында тәуелсіздік жылдарындағы романдардың басты сипаты, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, жанрлық-құрылымдық сипаттары талқыланып, З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі де аталып өткен [6].

2022 жылдың желтоқсан айында З. Қабдоловтың 95 жылдығына арналып өткізілген халықаралық конференциясында «Менің Әуезовім» романы туралы С. Қалқабаеваның [7], Г. Бірәлінің [8] мақалалары бар.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақалада З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» романы негізгі материал ретінде талданды. Романды талдауда әдеби талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Көркем шығарма секілді шабытпен жазылған «Сөз өнері» еңбегіндегі жазушыға қажет сегіз түрлі қасиеттің бәрін осы роман-эсседен кездестіреміз. «Менің Әуезовім» романын жазушының өзі көп айтатын «сыр мен сезімге» толы шығарма деуге болады. Шығармадағы Әуезов туралы, өзі туралы оқиғалар, толғаныстар роман-эссе жанрына сай үзік-үзік, қысқа түрде берілген. Бала Мұхтардан бастап алпысқа жақындаған Мұхтар өмірі Абай өлеңдерімен байланысып, өріліп отырады. Әуезовтің дүниетанымы, ұлтжандылығы, ғалым болуы, жазушы болуы, ғашықтығы, қуғыннан тартқан азабы – барлығы бала кезінде жаттаған Абай өлеңдерінде айтылып қойғандай. «Жас Мұхтар ерте піскен, кәмелетке мезгілінен бұрын жеткен адам. Оның себебі де сол – өмір тәжірибесінен гөрі өлең тәрбиесінің басымдығы болатын. Бала Мұхтар жастай жаттаған осы өлеңді дана Абай о баста дәл осы баланың өзіне арнап жазғандай» [9, 182].

Әуезовтің білім жолына түсіп, ғалым болуына себепкер адам ретінде ағасы Қасымбектің еңбегін ерекше атайды. Мұхтарды Алаш жайсаңдарымен таныстырған да – Қасымбек, Абай ұрпағымен табыстырып жүрген де – Қасымбек, ұлтты сүюде үлгі болған да – осы ағасы. «Шіркін, адам досқа, туысқа осылай өзін-өзі ұмыта, түгел, түп-басымен берілсе ғой! Қасымбек Мұхтар үшін не істемеді?» [9, 195].

Абайдың «Жаздыгүн шілде болғанда» өлеңін эстетика тұрғысынан Мұхтарға алғаш түсіндіріп берген де Қасымбек еді: «Бұл өлеңді Абай Құнанбай ауылының бас жайлауы Бақанаста жазған. Қандай сұлу сурет! Ал енді бар ғой, бір жайлау емес, қазақтың бар жайлауындағы өмір осындай. Ендеше, Абай өз жайлауы ғана емес, сенің жайлауыңды, менің жайлауымды, күллі қазақтың жайлауын жазған. Қандай керемет!» [9, 132].

Осындай жайлауларды көріп өскен Мұхтардың далаға деген сағынышының оны өсіретінін, ілгерілететінін айтады жазушы.

Әуезовтің Абай өлеңдерін студенттерге түсіндіріп, түйсіндіре білу шеберлігін, терең пайымын ұстазының өз сөзімен былай жеткізеді:

Күнді уақыт қызартып,  
Көкжиектен асырса...

«Ал «күнді уақыт қызартып» деген тіркесті, бұл тіркестегі терең философияны Абайдан басқа кім айтты? Уақыт пен кеңістік туралы мұншалық биік ұғымға Абай қалай самғап көтерілгенін көріп отырсындар ма?» [9, 72].

Басқа институттың студенті Қабдоловты тәнті етіп, таңдандырып, әдебиетке ынтықтыра түскен Әуезовтің осындай дәрістері еді. Өлеңдегі соны сөзді көре білудің, сол сөздің сырын аша білудің, ақындық шеберлік деген ұғымды студенттерге қалай жеткізу керектігін бізге үлгі ретінде ұсынады. Әуезовтің Абай өлеңдері көркемдігінің еуропалық деңгейі мен дәрежесін белгілеп бергендігін айтады.

Қабдолов «Сөз өнерінде» жазушыда, ең алдымен, көркем тіл болу керектігін ескерткен болатын. Романдағы кейіпкерлер көздерін сипаттаудың өзінде қаншама шеберлік жатыр. Мысалы, Әуезовтің көзі былай суреттеледі: «Сондай бір алымды, аңғарымпаз көз. Түкпір-түкпіріңді тінте, ақтарып-төңкере, тексере қарайды» [9, 15].

Бұл көз жай адамның көзі емес, адамның ішіндегі басқа адамды тауып алатын көз. Адам психологиясының иірімдерін дөп басатын Достоевскийдің тілімен айтқанда, «найти в человеке человека» [10, 400].

Байкенжиннің көзі: «Алайда көзі біртүрлі нұрсыз, солғын, тұтанбайды, ұшқындамайды, шаң басқан сұрғылт шыны тәрізді» [9, 47]. Байкенжиннің өзі жуас, тұйық адам ретінде таныстырылады.

Қабдоловтың Мәскеуге жаңа қызмет бабымен барып, қайтадан орнынан түсіп қайтқанын мынадай юмормен шебер жеткізеді: «Жалынан тартып енді міне берген атым тулап түсіріп кеткендей ер-тоқымымды құшақтап жаяу қайтып келе жатқан секілдімін» [9, 166].

Қабдоловтың өз анықтамасымен айтатын болсақ, сөз бейнелілігі. Ғ. Мүсірепов, Б. Майлин сияқты Қабдоловтың барлық шығармаларына юмор тән. Тіпті мақалаларының өзінен юмор кездесіп қалып отырады.

Кейіпкер мінезін танытуда автор сөз дәлдігіне мән береді: «Сіреспе ғана емес, әрі тіреспе жігіт – Мерген» [9, 79].

«Сіреспе, тіреспе» деген сөздер жай ұйқасып тұрған жоқ, Мергеннің мінезін айнытпай ашып тұр.

Мына мысалды интермәтіннің бір үлгісі десе де болады: «Әуезовті тыңдаған алты адам отырған-отырған жерімізде төбеге ұрғандай тынып, қаттық та қалдық. «Ревизордағы» мылқау сахна аумай-төкпей Қазақ университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасына келіп орнағандай» [9, 95].

Гогольдың кейіпкерлері тұрған жерлерінде қатып қалатын болса, мында отырған жерлерінде сілейіп қалған. Тағы да Қабдоловтың өз сөзімен түсіндірер болсақ, осы көріністі басқаша жеткізер болсақ, көп сөйлеп, мылжындап, оқырманның басын қатырып жіберер едік. Гоголь дайындап берген сатиралық көрініс Қабдолов куә болған оқиғаға шақ келе кеткен. Басқа қоғамда, басқа мезгілде болған осы бір көріністен ұқсастық табудың өзін шеберлік деуге болады.

Кеңестік дәуірдегі саяси науқандарды жазушы «Ленин – 17», «Сталин – 37», «Ойраншыл – 37» деген саяси атаулармен ағайды.

Романда жоғары оқу орнындағы сабақ беру мәселесін Белгілі Бегейдің еш өзгермейтін төрт беттік дәрісімен, оның үстінен Мергеннің арыз жазуымен аңғартып кетеді. Ал оқытушылық қызметін жаңа бастаған Қабдоловтың дәрісінің стенограммасы 32 бет болады. «Аудитория ішін сана мен ойға, сыр мен сезімге толтырып, осы бір өзің өз қолыңмен жасаған рух теңізіне өзіңді тамсана тыңдаған шәкірттеріңді бір сүңгітіп, бір жүздіріп тұру – сөз жоқ, сенің еңбегіңнің зейнеті» [9, 160].

Студент алдында дәріс оқу үшін іздену, аянбай еңбектену керектігін, жауапкершілік болу керектігін ескертеді.

Елуінші жылдары осындай Белгілі Бегейлер болған болса, М. Мағауиннің «Көк мұнар» романында аспирантына докторлық диссертациясын жазғызып алатын ғалымдардың әрекетіне куә боламыз. Тоқсаныншы жылдардағы білім, ғылымдағы осындай былықтарды М. Мағауин өзінің «Жармақ» романында «қорыс батпақ» деп атады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінде «бәрін айтпай» (Пушкин), «мөлшерден аспай» (Бальзак) суреттеу мен баяндауларды, сыр мен сезімді композициялық тұтастықпен бере отырып, Мұхтар Әуезовтің ұстаздық, жазушылық, ғалымдық бейнесін шеберлікпен сомдап шыққан. Романда артық оқиға, басы артық баяндауды көрмейміз.

«Сөз өнерінде» жазушыға қажетті деп атаған сегіз түрлі қасиеттің бәрін осы роман-эсседен кездестіреміз. Кейіпкерлердің портретін жасағанда автор сөз дәлдігін қолданады, ішкі жан дүниесін қопарып көрсете алады.

Әуезов бейнесімен қатар автордың өз бейнесі де қатар өріліп отырады. Әуезовтің дәрістеріне тамсанатын шәкірті ретінде жүрсе де, өз дәрістерінің стенограммасы отыз екі бет болғанынан ұстаздық қызметіне адал, еңбекқор жас ғалым болғанына куә боламыз.

Бұл роман-эссе тәуелсіздік кезеңіндегі прозамызға қосылған ерекше дүние ретінде бағасын алды.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Отызбай, Ж.** Академик Зейнолла Қабдоловтың суреткерлік шеберлік туралы ғылыми тұжырымдарына талдау [Текст] // «Академик Зейнолла Қабдолов және қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Алматы, 2022, желтоқсан. – 34–37 б.

2 **Мәмбетов, Ж. З.** Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесіндегі портрет пен пейзаж [Текст] // З. Қабдолов оқулары: халықаралық ғылыми-теориялық конференция. 2010, 13 желтоқсан. – 67–70 б.

3 **Какенова, Ә. З.** Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесіндегі ұстаз бейнесі [Текст]. // Ұлт тағылымы. – 2004, №1. – 144–147 б.

4 **Қалқабаева, С.** Менің Әуезовім: роман-эссе және деректілік [Текст] // қазақ әдебиеті, 2008, 2 мамыр. – 6 б.

5 Тәуелсіздік тудырған романдар. Оқулық [Текст]. Астана : «Мастер-ПО», 2012. – 224 б.

6 **Тұрысбек, Р., Байтанасова, Қ.** Қазіргі кезең әдебиеті. Оқулық [Текст]. – Астана: «Фолиант», 2014. – 360 б.

7 **Қалқабаева, С.** Зейнолла Қабдоловтың ғылыми-әдеби шығармашылығы [Текст] // «Академик Зейнолла Қабдолов және қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Алматы, 2022, желтоқсан. – 86-89 б.

8 **Бірәлі, Г.** Әуезов аудиториясынан тараған ұлылық [Текст] // «Академик Зейнолла Қабдолов және қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Алматы, 2022, желтоқсан. – 96–100 б.

9 **Қабдол, З.** Әуезов [Текст]. «Санат», 1997. – 350 б.

10 История русской литературы XIX века. Вторая половина. Учебное пособие [Текст] (под редакцией профессора Скатова Н. Н.) Москва, «Просвещение», 1987. – 608 с.

11. **Ryan, M.** Literary theory: practical introduction. Textbook [Text]. «Wiley-Blackwell». 2017. – 304 p.

## References

1 **Otyzbai, J.** Akademik Zeinolla Qabdolovtyń sýretkerlik sheberlik týraly ғылыми tujyrymdaryna taldaý [Analysis of academician Zeinolla Kabdlov's scientific conclusions about artistic mastery] [Text] // International scientific-practical conference «Academician Zeynolla Kabdlov and topical issues of Kazakh literature», Almaty, December 2022. – 34–37 b.

2 **Mәмбетов, Zh. Z.** Qabdolovtyń «Meniń Áýezovim» roman-essesindegi portret pen peizaj [Portrait and landscape in Kabdlov's novel-essay «My Auezov»] [Text] // Z. Kabdlov readings : international scientific and theoretical conference. 2010, December 13. – 67–70 p.

3 **Kakenova, Á. Z.** Qabdolovtyń «Meniń Áýezovim» roman-essesindegi ustaz beinesi [The image of the teacher in Kabdlov's novel-essay «My Auezov»] [Text]. // The lesson of the nation. – 2004, No. 1. – 144–147 p.

4 **Qalqabaeva, S.** Meniń Áýezovim: roman-esse jáne derektilik [My Auezov: novel-essay and documentary] [Text] // Kazakh literature, 2008, May 2. – 6 p.

5 Táýelsizdik týdyrǵan romandar [Novels that created independence. Textbook] [Text]. Astana : «Master-PO», 2012. – 224 p.

6 **Turyzbek, R., Bartanasova, Q.** Qazirgi kezeń ádebieti. Oqýlyq [Literature of the modern period. Textbook] [Text]. – Astana : «Foliant», 2014. – 360 p.

7 **Qalqabaeva, S.** Zeinolla Qabdolovtyń ғылыми-ádebi shyǵarmashylyǵy [Scientific-literary work of Zeynolla Kabdlov] [Text] // International scientific-practical conference «Academician Zeynolla Kabdlov and topical issues of Kazakh literature», Almaty, December 2022. – 86–89 p.

8 **Biráli, G.** Áýezov aýditorııasynan taraǵan ulylyq [Greatness emanating from the Auezov Auditorium] [Text] // International scientific and practical conference entitled «Academician Zeynolla Kabdlov and topical issues of Kazakh literature», Almaty, December 2022. – 96–100 p.

9 **Qabdol, Z.** Áýezov [Auezov] [Text]. «Sanat», 1997. – 350 p.

10 Istorıa rýsskoı literatýry XIX veka. Vtoraa polovina. Ýchebnoe posobie [History of Russian literature of the nineteenth century. Second half. Textbook] [Text] (edited by Professor N. N. Skatov) Moscow, Enlightenment, 1987. – 608 p.

11. **Ryan, M.** Literary theory: practical introduction. Textbook [Literary theory: practical introduction. Textbook] [Text]. «Wiley-Blackwell». 2017. – 304 p.

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.



\*Р. М. Муталиева<sup>1</sup>, Б. К. Канасова<sup>2</sup>, С. Т. Еликпаев<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Принято к изданию 08.09.23.

### О РОМАНЕ-ЭССЕ «МОЙ АУЭЗОВ» З. КАБДОЛОВА

*В статье проанализированы герои романа-эссе «Мой Ауэзов» Зейноллы Кабдолова. Брат Ауэзова, Касымбек очень помог ему в личном становлении. Особо отмечается, что именно Касымбек способствовал тому, что Ауэзов познакомился с окружением Алаш и потомками Абая. И, конечно же, именно Касымбек эстетически интерпретировал стихи Абая и воспитал в брате любовь к своему народу. В романе жизненный путь Ауэзова переплетается со стихами Абая. В романе-эссе «Мой Ауэзов» мы можем встретить все восемь качеств, необходимых писателю, о которых сам Кабдолов говорил в «Искусстве слова». Рассказы, размышления об Ауэзове, о себе в произведении представлены в прерывистой, краткой форме, соответствующей жанру роман-эссе. Об умении Кабдолова использовать слова свидетельствует описание портрета Ауэзова, Байкенжина. Мы видим традицию Достоевского в раскрытии психологии человека. Глаза Ауэзова, говоря языком Достоевского, изображены так, чтобы он мог найти «другого человека внутри человека». Писатель рационально использует точность слов, когда дает характеристику персонажам. Автор умело использует эпизоды в русской литературе в качестве сравнения. Один случай, произошедший в университете, описывается как «Ревизор» Гоголя. Политические кампании советской эпохи писатель называет политическими названиями «Ленин-17», «Сталин-37», «Разрушитель-37», воспринимаемые как самостоятельное употребление слов.*

*Ключевые слова: писательское мастерство, психологизм, интертекст, образ Ауэзова, советская идеология, Достоевская традиция, юмор, точность слов.*

\*R. M. Mutaliyeva<sup>1</sup>, B. K. Kapassova<sup>2</sup>, S. T. Elikpayev<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Accepted for publication on 08.09.23.

## ABOUT THE NOVEL-ESSAY «MY AUEZOV» BY Z. KABDOLOV

*The article analyzes the characters of the novel-essay «My Auezov» by Zeynolla Kabdолоv. His brother Kassymbek helped him a lot to become a citizen and embark on the path of education. It is particularly noted that Kassymbek helped Auezov to get acquainted with the people of Alash, to get acquainted with the descendants of Abai. And, of course, it was Kassymbek who aesthetically interpreted Abai's poems and taught to love the nation. In the novel, Auezov's life path is intertwined with Abai's poems. In the novel-essay «My Auezov» we can find all eight qualities necessary for a writer, about which Kabdолоv himself spoke in the «Art of the Word». The stories, reflections about Auezov, about himself in the work are presented in an intermittent, brief form corresponding to the genre of the novel-essay. Kabdолоv's ability to use words is evidenced by the description of the portrait of Auezov, Baikenzhin. We see Dostoevsky's tradition in the disclosure of human psychology. Auezov's eyes, in Dostoevsky's language, are depicted so that he can find «another person inside a person». The writer rationally uses the accuracy of words when he characterizes the people. The author skillfully uses episodes in Russian literature as a comparison. One incident that occurred at the university is described as Gogol's «Auditor». The writer calls the political campaigns of the Soviet era by the political names «Lenin-17», «Stalin-37», «Destroyer-37» perceived as an independent use of words.*

*Keywords: writing skills, psychologism, intertext, Auezov's image, Soviet ideology, Dostoevsky tradition, humor, accuracy of words.*

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)